

Қызылорда ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтын Арал өңірі агроэкология және ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты етіп қайта құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 21 наурыздағы N 310

Арал өңіріндегі агроэкология жөніндегі ғылыми зерттеулерді тереңдету және кеңейту, табиғи ортасының құлдырауын тоқтату, аймақтың бұзылған экологиялық жүйесінің тепе-теңдігін қалпына келтіру, тұрақты ландшафттық кешен құру, дағдарысты жағдайды жоюға жүйелі көзқарас қалыптастыру, материалдық, қаржы ресурстарын, сондай-ақ қолда бар ғылыми потенциалды барынша бағытты жұмсау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қызылорда ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты ғылыми зерттеулерге Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясы бөлген қаржы шегінде Арал өңірі агроэкология және ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты болып қайта құрылсын.

2. Арал өңірі агроэкология және ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтына мыналар:

агроөнеркәсіп кешен қызметінде экологиялық қиындықты жою, табиғатты қалпына келтіру мен табиғат қорғауды жетілдіру ғылыми қамтамасыз ету, Арал өңірінде жүргізілетін зерттеулердің тиімділігін бағалауды жүзеге асыру, оның агроэкологиялық проблемаларын шешуге жіберілетін инвестицияларды кешенді пайдалануды ұйымдастыру;

жоғары өнім беретін соттарды, ресурс үнемдегіш, экологиялық жағынан қауіпсіз технологияларды әзірлеп, өндіріске енгізу, күріштің, бидайдың, жоңышқаның, түйежоңышқаның және басқа ауыл шаруашылық дақылдарының бастапқы тұқым шаруашылығын ұйымдастыру;

суармалы жерлердің топырақ құнарлығын, Арал теңізінің құрғап қалған түбіндегі фитомелиорацияны сақтау мен көркейтудің ғылыми негізін әзірлеу, орман мелиорациялық жұмыстарды дамыту, сондай-ақ экологиялық дағдарыс аймағындағы шабындықтар мен жайылымдарды жақсарту;

сүтті, етті мал шаруашылығының, қаракөл шаруашылығының, өнімді жылқы және түйе шаруашылықтарының аймақтық жүйесін әзірлеу жүктелсін.

3. Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясы екі ай мерзім ішінде Арал өңірі агроэкология және ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының құрылымын бекітсін.

4. Қазақ ауыл шаруашылығы ғылым академиясы, Қазақстан Республикасының

Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Қызылорда облысының әкімі Арал өңірінің агроэкология проблемаларын шешуге бағытталған ғылыми-зерттеу жұмыстарын кешенді жүргізуді, материалдық-қаржы ресурстарын біріктіруді қамтамасыз етсін.

5. "Қазақ күріш ғылыми-зерттеу институтын Қызылорда ауыл шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты етіп қайта құру туралы" Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің 1991 жылғы 14 ақпандағы N 103 қаулысының (ҚазССР ҚЖ, 1991 ж., N 8, 56-бап) 2 және 4-тармақтары күшін жойған деп танылсын.

6 . < * >

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1997.04.04. N 485 қаулысымен .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - м и н и с т р і н і ң

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК